



SOROS.KZ

Годовой отчет о деятельности Фонда Сорос-Казakhstan 2008-2009

Сорос-Қазақстан Қорының
жылдық есебі 2008-2009

Bi-Annual report of
Soros Foundation-Kazakhstan for 2008-2009



Сорос-Қазақстан
Қорының жылдық есебі
2008-2009

СОРОС-ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІНЕ КІРІСПЕ СӨЗ

Қымбатты оқырмандар,

Сіздердің қолдарыңызда Сорос-Қазақстан Қорының (СҚҚ) – 1995 жылдан бері Қазақстан аумағында жұмыс істеп келе жатқан ұлттық қайырымдылық Қорының қызметі туралы екі жылдық есеп. Соңғы он бес жылдың ішінде СҚҚ Республикада ашық және демократиялық қоғам құру мақсатымен әртүрлі бағыт бойынша жұмыс істеп келеді.

Өткен екі жылда Қазақстан Республикасында әлеуметтік және экономикалық әділдікке жетуге және демократиялық құндылықтарды алға жылжытуға бағытталған бірқатар бастамаға қолдау жасалды. Бұл кезеңнің ішінде Қор өндіруші өнеркәсіптен түсетін табыстың ашықтығы және есеп берушілік саласында өз қызметін жүзеге асырды, мемлекеттік бюджетті қалыптастыруға азаматтық қоғамның қатысуын қамтамасыз етіп отырды, атап айтқанда, ювеналды әділет, тегін заңгерлік көмекке қол жеткізу, ақпаратқа қол жеткізу, халықтың әлсіз топтарының құқықтарын қорғау саласында құқықтық реформаның жүруіне ықпалдасты. Қор сондай-ақ БАҚ-ты қолдау және журналистердің біліктілігін арттыру бағытында жұмыс жасады.

Біздің Қор Қазақстанда болып жатқан қайта құруларға дәл жауап беруге тырысады. Соңғы екі жылдың жемісті болғанына қарамастан, атқарған қызметімізді мұқият талдаудың нәтижесінде Сорос-Қазақстан Қорының 2010-2011 жылдарға арналған жаңа стратегиясы әзірленді.

Бұл стратегияның шеңберінде Қор үкіметтік емес ұйымдардың, билік органдарының және бизнестің арасында әріптестікті дамыту жолымен қоғамдық саясатты қалыптастыру саласында толерантты, белсенді қоғамға және жауапкершілігі жоғары, ашық үкіметке қарай алға басу үшін жұмыс істейтін делдал рөлін атқармақ.

Қордың табысты қызмет етуінің кепілі, ең бірінші кезекте, Қазақстан қоғамының жалпыға бірдей әл-ауқатына жету үшін осы қайта құруларға қатысатын адамдар. Біздің табыстарымыз

бен жетістіктеріміз республиканың азаматтық қоғамының СҚҚ сайыстарына белсенді түрде қатысуының арқасында мүмкін болды. Өтінімдердің көптеп келіп түсуі (2008-2009 жылдардың ішінде 871 өтінім) қозғалған мәселелердің өзектілігі мен өмірлік маңызы бар екенін және азаматтардың өз елінің болашағына бейжай қарамайтынын айғақтайды.

Қордың Қамқоршылар кеңесі оның жұмысының бағытын белгілейді, қызметінің басты бағыттарын айқындайды. СҚҚ сарапшылары – журналистика, заңтану, саясаттану, мәдениет, білім беру және бизнес саласындағы беделді мамандар – келіп түскен өтінімдерді қарап және олар бойынша шешім қабылдай отырып, СҚҚ стратегиясын іс жүзіне асыруға септеседі.

Келесі екі жылда Қор өзінің жаңа рөлінде үкіметтік емес ұйымдардың және мемлекеттік құрылымдардың арасында сұхбат қалыптастыруға ықпалдасады және халықаралық сарапшылармен байланыстарын дамытады.

Қордың Қамқоршылар кеңесі, сарапшылары мен қызметкерлері мемлекеттің табыстары мен шығыстары айқын болатын, ұлттық және жергілікті деңгейде маңызды бағдарламаларды қарастыру және қабылдаудың барлық кезеңдеріне қоғам қатысатын, азаматтардың құқықтарын қорғау заңнама жүзінде қамтамасыз етіліп қана қоймай, сонымен бірге барлық жерде барлық тараптар құқықтарын сақтайтын қоғам құрамыз деп сенеді.

Осы есеп – соңғы екі жылда жасалған жұмыстың сипаттамасы ғана емес, сондай-ақ бұл Қордың ашықтық, есеп берушілік және әділдік қағидаларын басшылыққа ала отырып, өз жолын одан әрі жалғастыру ниетінде екендігінің айғағы.

Анна Александрова
Сорос-Қазақстан Қорының
Басқарма Төрайымы





ЕЛДІҢ ҚАЗІРГІСІ МЕН КЕЛЕШЕГІ ҮШІН ЖАУАПТЫ ҚОҒАМ

«KAZAKHSTAN REVENUE WATCH» БАҒДАРЛАМАСЫ (2004 – 2009 жж.)

Бес жыл бойы жұмыс істеген Kazakhstan Revenue Watch бағдарламасы (Сорос-Қазақстан Қорының KRW бағдарламасы) Қазақстандағы өндіруші өнеркәсіптен келетін табысты басқару үдерістерінің ашықтығына, есеп берілуіне және оған жұртшылықтың қатысуына қол жеткізуге бағытталған еді. KRW бағдарламасы 2004 жылдың қаңтарында жұмыс істей бастады да, «ресурстардың қарғысы» феномені, Қазақстандағы өндіруші өнеркәсіптің ашықтығы және одан түсетін табысты басқару саласындағы бастамалар туралы қоғамдық пікірталас жүруіне серпін берді. Осы орайда KRW бағдарламасы мемлекеттің, бизнестің және азаматтық қоғамның арасында сындарлы ынтымақтастықтың дамуына ықпалдасты, Үкіметтің және өндіруші компаниялардың қызметіндегі өзгерістер жөнінде қоғамдық пікірталас жүруіне септеседі. Өндіруші өнеркәсіптен түсетін табысты қалыптастыру мен пайдаланудың бүкіл тізбегінің бойында ашықтық пен есеп берушілікті арттыруға бағытталған кешенді жобалардың іске асуына мүмкіндік беру үшін, Қордың 2010 – 2011 жылдарға арналған стратегиясында KRW бағдарламасы мен «Бюджеттік ашықтық және есеп берушілік» бағдарламасы «Мемлекеттік қаржының ашықтығы» деген жаңа мега-бағдарламаға біріктірілді.

Жаңа өмірдің дүниеге келуі.
Сергей Непша

«Ресурстардың қарғысын» жеңе отырып

Сорос-Қазақстан Қоры (СҚҚ) өндіруші компаниялардың әлеуметтік инвестицияларының ашықтығы мен тиімділігін арттыру, өндіруші өнеркәсіптен түсетін табысқа мониторинг жасау жөніндегі азаматтық қоғам өкілдерінің бастамаларына белсенді түрде қолдау көрсетеді, сондай-ақ Қазақстанның үкіметтік емес ұйымдарының сараптық әлеуетін дамыту бойынша қызметін жүзеге асырады. Қордың және оның көптеген әріптестерінің пікірінше, осындай кешенді шаралар Қазақстанда «ресурстардың қарғысын» жеңуге септесуі мүмкін.

СҚҚ-ның қаржылық және кеңестемелік қолдауымен үкіметтік емес ұйымдар (ҰЕҰ), айталық, «Мұнайдан түскен табыс – қоғамның бақылауына!» Коалиция мүшелері Өндіруші өнеркәсіптің ашықтығы халықаралық бастамасының (ЕІТІ) ашықтық қағидаларының ендірілуіне септеседі. 2008 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі ЕІТІ шеңберінде өзінің тұңғыш есебін шығарды. Есепті зерттеудің нәтижесі бойынша Қор мен Коалиция Қазақстанда ЕІТІ бастамасының іске асырылуын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірледі, олардың елеулі бөлігін Республика Үкіметі қабылдады. «Теңізшевройл» – Қазақстандағы

“Ресурстардың қарғысы” деген экономикалық аспект мынадан көрініс табады: табиғи ресурстарға бай елдер, әдетке айналғандай, табиғи қазба қорлары аз елдерден экономикалық дамуы жағынан артта қалады және ресурстарға әлемдік бағаның конъюнктурасына тым тәуелді болады. “Ресурстар қарғысының” белгілері сондай-ақ көбіне мынадай болып келеді: халықтың кедейлік дәрежесі жоғары болады, жемқорлық, әлеуметтік және саяси жағдайдың шиеленісуі және әскери қақтығыстар болу мүмкіндігі.

ЕІТІ үкіметтердің және өндіруші өнеркәсіп саласында жұмыс істейтін компаниялардың арасындағы трансакциялардың ашықтығын арттыруға бағытталған. Ұлыбританияның экс-Премьер-Министрі Тони Блэр мырза 2002 жылдың қыркүйегінде Йоханнесбургте өткен Тұрақты даму жөніндегі бүкіләлемдік саммитте осындай бастама көтерді. Қазақстан Республикасы бұл Бастамаға 2005 жылы қосылды. ЕІТІ енгізіп жатқан елдердің артықшылықтарына ең жақсы инвестициялық климат кіреді, өйткені ЕІТІ бастамасына қолдау көрсетілуі инвесторлар мен халықаралық қаржы мекемелеріне үкіметтің неғұрлым жоғары ашықтыққа дайын екендігі туралы белгі береді. Ашықтық есеп берушілікті жақсартуға көмектеседі әрі экономикалық және саяси тұрақтылықты арттыруға септеседі.

аса ірі мұнай өндіруші компанияның ашықтық туралы бастамаға қосылуы туралы ұсыныс қабылданды. Бұдан басқа, ЕІТІ іске асырылуына мемлекеттік бақылаудың деңгейін арттыруға қатысты ұсыныстар ескерілді. Бұл ұсыныстар мүдделі тараптар болып отырған ЕІТІ мен ҚР Премьер-Министрінің тұрақты түрде өткізіле бастаған кездесулерінде өз көрінісін тапты.

2009 жылы Қазақстанның азаматтық қоғамы өндіруші өнеркәсіптен түсетін табыстың ашықтығын арттыру мәселелерімен айналысатын екі жаңа ҰЕҰ құрылуының куәсі болды, бұл: «Азаматтық Құрылтай» республикалық қауымдастығы (оған Батыс Қазақстанның көптеген ҰЕҰ қосылды) және Оңтүстік Қазақстанда негізі қаланған «ЕІТІ+» қауымдастығы. «Мұнайдан түскен табыс – қоғамның бақылауына!» Коалициясы сияқты, бұл бірлестіктер Қазақстанда ЕІТІ іске асыруға қатысу және өндіруші өнеркәсіптен түсетін табысты қалыптастыру мен пайдалану тізбегінің басқа құрамдастары бойынша ашықтық пен есеп берушілікті арттыруды мақсат тұтады.

СҚҚ басқа елдерде ЕІТІ енгізудің тәжірибесі және оның Қазақстанда іске асырылуының егжей-тегжейлері туралы білімді таратуға бағытталған кең ауқымды ақпараттық-ағартушылық науқанға бастама көтерді.

2008 жылы СҚҚ деректі фильмдер сериясын жасау жұмысын жалғастырды. Олардың алғашқы екеуі ЕІТІ іске асырылуына және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару мәселелеріне арналған. СҚҚ «Ақша құмға сіңген судай» деп аталатын үшінші фильм түсіруді қаржыландыруға қаражат бөлді. Жаңа жұмыстың презентациясы 2008 жылдың желтоқсанында Алматыдағы «Цезарь» кинотеатрында болып өтті, оның авторлары – Орталық Азия стратегиялық басқару лигасының шығармашылық тобы өндіруші компаниялардың әлеуметтік инвестицияларының тиімділігіне талдау жасады. 2009 жылдың қаңтарында бұл фильм өндіруші компаниялардың, орталық және жергілікті билік органдарының, халықаралық ұйымдар мен ҰЕҰ өкілдерінің қатысуымен өткен конференцияның шеңберінде Астанада көрсетілді. Сондай-ақ фильм елдің барлық алты мұнайлы аймағында болып өткен бірқатар кездесудің барысында да көрсетілді.

Болашақ – әлеуметтік инвестицияларда

Өндіруші компаниялар әлеуметтік инвестициялар салынатын объектілерді айқындау бойынша қоғамдық тыңдау өткізбейді. Қаржыландырудың мақсаттарын айқындау, көп жағдайда, жергілікті билік органдарының прерогативасы болып отыр, бұл орайда жергілікті қоғамдастықтың өкілдері бұл үдеріске іс жүзінде қатыстырылмайды. 2008 жылы СҚҚ қолдауымен Қазақстанның мұнай өндіретін бес өңірінде жүргізілген зерттеудің нәтижелері бұл өңірлердің халқы көптеген әлеуметтік жобаларды ашық емес және тиімсіз деп есептейтінін және қаржыландыру объектілерін айқындауға қатысқысы келетінін анық айғақтап отыр.

«Ақша құмға сіңген судай» деп аталатын фильмде мұнайдан түскен доллардан Қазақстанның мұнайлы өңірлерінде тұратын халықтың өмірі өзгерді ме деген тақырыпта әңгіме қозғалады, өйткені бұл ақшаның елеулі бөлігі адамдардың өзекті әлеуметтік сұраныстарын шешуге тиіс еді. Фильмде ең қымбат жоба туралы айтылады, бұл: Атырау қаласындағы үсті жабық жүзу бассейні – \$14,5 млн., Жаңаөзен қаласындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешені – \$14 млн., Атырауды электрлендіру – \$12 млн., Орал қаласында Қазақ драма театрының салынуы – \$10,5 млн., Құлсары қаласында кәсіптік-техникалық училище құрылысының салынуы – \$9 млн. Өз кезегінде, бұл қалалардың тұрғындары осы объектілердің қажеттігі туралы өз пікірін білдіреді. Фильмнің негізіне үш мұнайлы өңірдің – Маңғыстау, Атырау және Батыс Қазақстан облыстарының облыс әкімдіктерінің, үкіметтік емес ұйымдарының және мұнай компанияларының: Agip KCO, Lukoil Overseas, Теңізшевройл және т.б. өкілдерімен жүргізілген сұхбаттар алынды.

Әлеуметтік инвестициялар – бұл мұнай өндіретін өңірлердің азаматтары үшін ерекше өзекті тақырып. Ағымдағы жобалардан миллиондаған пайданың түсіп жатқанына қарамастан, әлеуметтік проблемалардың көбі шешілмей қалып жатады. ЕІТІ шеңберіне өндіруші компаниялардың әлеуметтік инвестициялары туралы ақпаратты енгізу туралы ұсыныс 2009 жылғы 4 маусымда Астана қаласында болып өткен ҚР Үкіметінің кеңейтілген отырысында жасалды. ҚР Премьер-Министрі Кәрім Мәсімов өндіруші компаниялардың әлеуметтік инвестициялар туралы ақпараттың ашықтығын арттыру қажеттігін мойындап, тараптарды ақпарат ашудың тиісті тетігін әзірлеуге шақырды. СҚҚ осындай тетікті техникалық жағынан әзірлеу

жұмысын жасап жатқан азаматтық қоғам ұйымдарына кеңестемелік және қаржылық көмек береді. 2009 жылдың ақпанында Маңғыстау облысында Әлеуметтік инвестицияларды басқару жөніндегі көп тарапты кеңестің құрылуы туралы хабарланды, оған үкіметтік емес ұйымдардың тарапынан Қордың әріптестері кірді. Қазірдің өзінде «Солтүстік Каспий операциялық компаниясының» (орасан зор «Қашаған» кен орнын қазымдау жөніндегі жобаның операторы), жергілікті билік органдарының және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерінің арасында Атырау облысында тұрақты даму жөніндегі осыған ұқсас, үш тарапты кеңес құру туралы келіссөз жүргізіліп жатыр. Осылайша, мұнайлы өңірлердің әлеуметтік дамуы және өндіруші компаниялардың әлеуметтік инвестициялары туралы шешім қабылдауға халық өкілдерінің қатысуы нақты пішімін таба бастады.

2010 жылы Қазақстан ЕІТІ іске асыру процесін бекіту (валидация) – елде қол жеткен нәтижелердің халықаралық өлшемдерге сәйкестігіне тәуелсіз баға беру үдерісінен өтуге тиіс. 2009 жылдың маусымында дайындық кезеңі барысында Солтүстік Қазақстан құқықтық медиа-орталығы СҚҚ, Revenue Watch Институтының және Ұлыбританияның Қазақстан мен Қырғызстандағы елшілігінің қолдауымен Қазақстанда ЕІТІ валидациялау бойынша семинар ұйымдастырды. Семинарға Қазақстанда ЕІТІ іске асыру бойынша мүдделі тараптардың Ұлттық кеңесінің мүшелері, мемлекеттік басқару органдарының, өндіруші компаниялардың, азаматтық қоғам ұйымдарының өкілдері және сарапшылар қатысты. ЕІТІ халықаралық хатшылығының және халықаралық басқармасының өкілдері баяндама жасап сөз сөйледі.

Бұл валидацияға дайындық үдерісіне жаңа серпін беріп қана қоймай, сондай-ақ Ұлттық кеңестің жұмысын белсендіре түсті. Семинар аяқталғаннан кейін оның мәжілісі болып өтті, онда Валидация жөніндегі Жұмыс тобы

құрылып, Қазақстанда валидация жүргізуге дайындық жөніндегі іс-қимыл жоспары әзірленді. Жұмыс тобы валидация жүргізуге дайындықты іс жүзінде өзінің операциялық бақылауына алды, сөйтіп 2009 жылдың шілде айының өзінде Жұмыс тобының мүшелері валидаторды сайлау жөнінде конкурс жариялау үшін қажетті аса маңызды құжаттар пакетін дайындады. Семинар барысында алынған ақпаратты пайдалана отырып, Қазақстанның мемлекеттік органдарының, компаниялар мен азаматтық қоғам өкілдерінің арасында елдің валидация индикаторларына қаншалықты дәрежеде сай келетіні туралы пікірталас жалғасып отыр.

ЕІТІ – ресурстардың ашықтығы жинағындағы құралдардың бірі ғана екендігін мойындай отырып, СҚҚ өндіруші өнеркәсіптен түсетін табысты қалыптастыру және пайдалану тізбегінің барлық құрамдастарының ашықтығын қолдау бойынша жұмыс жасап жатыр. Бұл тізбектің бірінші құрамдасы мемлекеттің және қазбалап шығарушы компаниялардың арасында жасалатын жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісім-шарттар болып табылады. Дәл сол себептен СҚҚ Қазақстанның үкіметтік емес ұйымдарының ішіндегі өз әріптестерімен бірге өндіруші компаниялардың Қазақстан үкіметіне төлем жасауына қатысты келісім-шарт талаптарының жариялану қажеттігін алға тартып отыр. Азаматтық қоғамның мұнай саласында қолданылатын келісім-шарттардың және фискалдық режимдердің түрлерінен хабардар болуын арттыру мақсатымен, 2008-2009 жылдарды Сорос-Қазақстан Қоры Қоғамдық қаржыға мониторинг жасау орталығының (Әзірбайжан) бір топ авторларымен бірлесе отырып дайындалған «Уағдаластық ақшадан да қымбат. Мұнай келісім-шарттары және оларға қоғамдық мониторинг жасау» атты нұсқаулықты жарыққа шығарды.





Күн батқанда.
Валерий Калиев





Туған жер – алтын бесігің,
Әділет Смағұлова

«БЮДЖЕТТІК АШЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУШІЛІК» БАҒДАРЛАМАСЫ (2007 – 2009 жж.)

«Бюджеттік ашықтық және есеп берушілік» (БАЕ) бағдарламасы бюджеттің тиімді жұмсалуына қоғамның қатысуын қамтамасыз ету, жергілікті және орталық деңгейдегі бюджеттердің айқындығы мен ашықтығын арттыру жолында үш жыл бойы жұмыс істеді. Оның міндеті Қазақстанның бюджетін қалыптастыру үдерісіне жұртшылықтың және ҮЕҰ-дың белсенді түрде қатысуына ықпалдасу еді. 2010 жылы бұл бағдарлама СҚҚ-ның «Мемлекеттік қаржының ашықтығы» мега-бағдарламасына ұласты.

Ел бюджеті – әр азаматтың бюджеті

2008 және 2009 жылдары СҚҚ «Бюджеттік ашықтық және есеп берушілік» (БАЕ) бағдарламасы шеңберінде Қазақстанның ҮЕҰ-ның бюджет саласындағы әлеуетін дамыту жөніндегі қызметін жалғастыра берді.¹ Екі жылдың ішінде әлеуметтік әділдік, бюджеттің ашықтығы және мемлекеттік органдардың есеп берушілігі қағидаларын алға жылжытуға бағытталған 40-тан астам жобаға қолдау көрсетілді. Жобаларға ҮЕҰ, тәуелсіз зерттеушілер, журналистер, сондай-ақ орталық және жергілікті атқарушы және өкілетті мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты.

Бағдарламаның жұмысы негізгі төрт бағыты бойынша жүзеге асырылды:

1. мемлекеттік бюджеттің жұмсалуды туралы ақпараттың ашықтығы қағидаларын алға жылжытуға ықпалдасу;
2. ҮЕҰ-дың мамандануына сәйкес олардың бюджеттік процеске белсенді түрде қатыстырылуын жалғастыру;
3. ҮЕҰ, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің құқықтық сауаты деңгейін, бюджет саясаты мен бюджетті талдау саласындағы білімін арттыру;
4. атқарушы және өкілетті билік органдарының және ҮЕҰ-дың бюджеттік процеске азаматтық қоғамның қатысуын қамтамасыз ету мәселелері бойынша толыққанды өзара ықпалдастық орнатуға септесу.

Қызметтің бірінші бағытына 2008 жылдың сәуірінде елдегі бюджеттік процестің неғұрлым ашық болуын және мемлекеттік органдардың

қоғамға есеп беруін қамтамасыз ету үшін құрылған Қазақстанның Ұлттық бюджеттік желісін (ҚҰБЖ) қолдау міндеті кірген еді. Ұлттық бюджеттік желісті құруға бастамашы болған – БАЕ бағдарламасы және қоғамның ең белсенді өкілдері, олардың кәсіптік саласына әртүрлі – аудандық, облыстық және республикалық деңгейдегі бюджеттермен жоспарлы түрде жұмыс жүргізу кіреді.

Желістің бастамасы бойынша Есеп комитеті өкілдерінің, депутаттардың және салалық министрліктердің қатысуымен «Бюджеттік процеске қоғамның қатысуы: орталық және жергілікті билік органдарымен өзара ықпалдасудың тәжірибесі мен келешегі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Сарапшылардың бас қосуында Қазақстанның барлық өңірлерінен келген ҮЕҰ өкілдерінің бюджеттік процеске қатысу жөніндегі ең табысты жобалары ұсынылды. Өз кезегінде, орталық және жергілікті атқарушы билік органдары бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін арттыру жөніндегі өздерінің тәжірибесін бөлісті. 2008 жылдың ортасында ҚҰБЖ жаңа Бюджеттік кодекс жобасына түзетулер енгізу жөніндегі ұсыныстарын дайындады, ол 2008 жылдың желтоқсанында қабылданып, 2009 жылдың басында күшіне енді. Азаматтық қоғамның негізгі жетістігі мынада: Бюджеттік Кодекстің 113-бабында ҮЕҰ-дың азаматтардың мемлекеттік қызмет көрсетуіне қанағаттану дәрежесіне зерттеу жүргізу құқығы бекітілген, кейін бұл зерттеу мемлекеттік бағдарламаларға баға беру кезінде пайдаланылады.

Сондай-ақ БАЕ қызметінің бірінші бағыты шеңберінде ҚР бюджеттік есеп беруінің Халықаралық валюта қорының және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының стандарттарына сәйкестігін зерттеу жобасының (2008 ж.) және бюджеттік процестің ақпараттық жағынан ашықтығын арттыру

¹ 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап Сорос-Қазақстан Қорының «Мемлекеттік қаржының ашықтығы» бағдарламасы бұрын жұмыс істеген «Бюджеттік ашықтық және есеп берушілік» (2007 жылдың басынан 2009 жылдың аяғына дейін) және «Kazakhstan Revenue Watch» (2004 жылдан бастап 2009 жылға дейін) бағдарламаларының құқықтық мирасқорына айналды.



жөніндегі жобаның (2009 ж.) табыспен жүзеге асырылғанын атап өту қажет. Соңғы жобаға Қазақстанның барлық өңірлерінен келген 61 журналист ҚР-дағы бюджеттік процестің спецификасы бойынша оқыту міндеті кірген болатын. Осы тақырып бойынша ең үздік жарияланымдар жөніндегі конкурс бойынша жүргізілген қорытынды жоба бюджеттік процесс және оны қалыптастыруға азаматтық қоғамның қатысуы туралы 89-дан астам жарияланымның дүниеге келуіне септігін тигізді.

Қызметтің екінші бағытына әртүрлі әлеуметтік мәселелер бойынша кешенді мониторинг жобаларын іске асыру міндеті кірді. 2008 жылдан 2009 жылға дейін мынадай жобалар жүзеге асырылды:

- «Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарды дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік

бағдарламасын іске асырудың тиімділігін талдау және мониторинг жасау», 2008 ж.

- «Сапалы білім беруге қол жеткізу: ҚР ауылдық мектептердегі балаларға берілетін мүмкіндіктер және шектеулер», 2008-2009 жж.
- «ҚР азаматтарын дәрілік препараттармен қамтамасыз етудің мемлекеттік саясатына және шығыстарға мониторинг жасау», 2008-2009 жж.
- «Қазіргі заманғы қоғамда өмір сүру үшін қажетті білім: қазақстандық контекст», 2008-2010 жж.
- «2004-2008 жылдар кезеңіндегі мемлекеттік жастар саясатына мониторинг және талдау жасау», 2009 ж.

Жобалардың іске асырылуының нәтижесінде мемлекеттік органдарға, азаматтық қоғамға және мүдделі тараптардың кең ауқымына арналған ұсыныстар әзірленді.

Үшінші мақсат бойынша 2008 жылы БАЕ бағдарламасы аясында Халықаралық бюджеттік әріптестікпен, АҚШ (International Budget Partnership, IBP), бірлестікте Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан мен Моңғолиядан келген, бюджеттік ашықтық саласында белсенді түрде жұмыс істейтін қоғамдық ұйымдардың өкілдеріне арнап адвокация бойынша өңіраралық семинар өткізілді. 2008 және 2009 жылдары сондай-ақ дәстүрге айналып кеткен «ҮЕҰ-ның Бюджеттік мектептері» өткізілді, бұл Қазақстанның әртүрлі облыстарынан келген азаматтық қоғам өкілдерінің біліктілігі мен әлеуетінің артуына оң әсерін тигізді. 2009 жылы бағдарламаның тарихында тұңғыш рет осының алдында Мектептер өткізу кезінде оқудан және дайындықтан өткен жергілікті сарапшылар Мектептің тренерлері қызметін атқарды.

2008 жылы бағдарламалар мен жобаларды бағалау саласындағы кәсіпқой ұйым «Процесс-Консалтинг» (Мәскеу қаласы) ұйымымен ынтымақтастықта бюджет саласының қазақстандық сарапшыларына арнап семинар өткізілді. Мемлекеттік жоспарлаудың жаңа әдістемесіне өтуге байланысты бюджетке мониторинг жасауда және бағалауда толық ауқымды білімі мен машықтары бар бюджеттік ҮЕҰ-ды дайындау қажеттігі туды. Әдістемесі бірегей әрі республикалық және жергілікті бағдарламаларды бағалау кезінде қолдануға болатын бағалау жөніндегі семинар СҚҚ бастамаларының дамуына оң әсерін тигізді, бюджеттік процеске қатысатын ҮЕҰ әлеуетін арттырды. Семинардың қорытындысы бойынша қатысушылардың ішіндегі бірнеше сарапшыға 2005 жылдан бастап 2009 жылға дейін орындалған 30-дан астам бюджеттік жоба бойынша бағалау жүргізуге мүмкіндік берілді.

2009 жылы бағдарлама аясында жаңа ба-

сылым – «Бюджеттік жолнұсқа» шығарылды, ол мемлекеттік, әлеуметтік бюджеттік шығыстарға, мемлекеттік қаржы жүйесін жетілдіруге мүдделі және елде жүргізіліп жатқан өзгертулерге бейжай қарамайтын барлық қазақстандықтарға арналған. Жолнұсқа бюджеттік заңнама, бюджеттік процесс және оның құрамдастары туралы әңгімелейді және азаматтың, журналистің, депутаттың немесе белсенді азаматтың өзінің қаласында, ауылында немесе тұтас республикадағы бюджеттік процеске қалай әсер ете алатыны туралы түсінік береді. Осылайша, бұл басылым бюджетті талдау мәселелеріне қызығатын үкіметтік емес ұйымдарға да пайдалы болмақ.

Бюджеттік бағдарламалардың тиімділігіне тәуелсіз баға беруде, оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуде жергілікті билік органдарына жәрдем беру және осы ұсыныстарды іске асыруға ықпалдасу бағдарлама шеңберінде әріптес ҮЕҰ іске асырған жобалардың басымдықты бағыттарының бірі болып табылады. Павлодар, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Атырау және Алматы облыстарында өткізілген оқу семинарларына екі жүз алпыс мәслихат депутаты қатысты.

2008 жылы www.budget.kz деген жаңа сайттың тұсаукесері болып өтті, ол бюджеттік процесс, оның барлық деңгейлердегі сатылары, сондай-ақ оған қатысу мүмкіндіктері туралы ақпаратты қамтитын Қазақстандағы тұңғыш және әзірше жалғыз электронды ақпараттық ресурс болып табылады.

Төртінші мақсат бойынша «Ашық Қазақстан – ашық басқару» атты кешенді әріптестік жобасы орындалды. Бұл жоба Қазақстанның үш қаласында: Өскеменде, Петропавл мен Риддерде азаматтардың қатысуымен «Айқын Польша» жобасының ең үздік практикаларын қолданып жергілікті деңгейде «жақсы басқару» рәсімдерін әзірлеуге және ендіруге бағытталған. Жоба шеңберіндегі қызмет ашықтық, азаматтық қоғамның қатысуы,

жергілікті өкілдікті және атқарушы билік органдарында біліктілік пен есеп берушілік қағидаларын ендіруге, сондай-ақ мемлекеттік органдардың және халықтың арасында тиімді кері байланыс орнатуды мақсат тұтады.

2009 жылдың аяғында СҚҚ «Ашық Қоғам Институтының «Қоғамдық денсаулық сақтау» бағдарламасы мен және БҰҰ Даму Бағдарламасымен бірге негізгі медицина препараттарына қол жеткізу және зияткерлік меншік мәселелеріне арналған халықаралық семинар-конференция өткізді. Дүние жүзіндегі бірқатар ел әлеуметтік маңызы бар аурулардың тұтас бір қатарын емдеу үшін дәрі-дәрмекке әмбебап қол жеткізу мақсатына жетуде проблемаларға тап болып отырады. Бұл саладағы кедергілер көбінесе зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық және ұлттық заңнама, өндірісті жолға қоюдағы қиындықтар, дәрі-дәрмектер құнының қымбаттығы болады. Бұған қоса, соңғы жылдарда екі тарапты сауда келісімдерінің пролиферациясы орын алды, ол бойынша мемлекеттерге зияткерлік меншікті қорғау бойынша міндеттеме жүктеледі. Шығыс Еуропа мен ТМД елдеріндегі бұл үдерістердің салдарын зерттеу үшін Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау, сауда қатынастары және зияткерлік меншікті қорғау саласында жұмыс істейтін мемлекеттік құрылымдар мен азаматтық қоғам өкілдері, бірқатар танымал сарапшы шақырылды.

1. «Сапалы білім беруге қол жеткізу: ауылдық мектептердегі балаларға берілетін мүмкіндіктер және шектеулер»

2008 жылы «Сандж» Зерттеу орталығы және жалпы орта білім беру саласындағы бірқатар тәуелсіз сарапшы СҚҚ «Бюджеттік ашықтық және есеп берушілік» бағдарламасының және Ашық Қоғам Институтының «Білім беруді қолдау» бағдарламасының қаржылық және сараптық қолдауымен «Сапалы білім беруге қол жеткізу: ауылдық мектептердегі балаларға берілетін мүмкіндіктер және

шектеулер» деп аталатын зерттеу жобасын іске асырды. Зерттеудің негізгі тақырыбы ауылдық жерлердегі және оқушылар саны аз мектептердің айналасындағы ахуалды зерттеу, орта білім беру жүйесіндегі қаржы басқару және ресурстарды бөлу мәселелері, сондай-ақ ауылдық жерлердегі білім беру мекемелерінің оқушыларын құқықтық жағынан қамтамасыз ету және конституциялық кепілдіктер беру мәселелері болды.

Білім беру жүйесін реформалаудың негізгі мәселелері «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» енгізілді. 2010 жылға дейін білім беру саласындағы реформаларды қаржыландырудың жалпы көлемі 331 млрд. теңгеге немесе 2.75 млрд. долларға жуық болды. Білім беруге бөлінетін сомалар абсолютті көрсеткішпен алғанда 2000 жылдан 2008 жылға дейін 7 есе артқанымен, қаржыландырудың осылай ұлғаюынан білім берудің сапасы айтарлықтай жоғарылаған жоқ. Білім беру саласын қаржыландырудың көлемі әліге дейін жеткіліксіз әрі әлемдік стандарттарға сай емес (ЖІӨ-нің 6-8 пайызы). Бүгінгі күні білім беру саласына мемлекеттің шығыстары ЖІӨ-нің 3,5 пайызы деңгейінде қалып отыр.

Ең үздік тәжірибеге сай келмейтін қаржыландыру сонымен бірге түпкі нәтижеге, сондай-ақ оқу процесінің сапасына да әсер етеді. Оқу процесінің неғұрлым сапалы болуын қамтамасыз ету үшін, мұғалімдер көп жағдайда қаржыландырудағы тапшылықты өз қаражатынан толтыруға мәжбүр болып जाताды. Зерттеушілердің бағалауы бойынша, жалпы елде ауылдық педагогтар қызметтік мұқтаждықтарына орта білім берудің жылдық бюджетінің 4 пайызына тең соманы өз қалталарынан жұмсайды. Оқушылардың саны аз мектептерде мұғалімдердің саны аз болған жағдайда, педагогтардың қаржылай шығыстары өте жоғары – ірі ауылдық мектептерде олар жылына 6.3 млрд. теңгеге тең. Мұндай жағдайдың болу себебі, ауылдық мектептердің





Біздің ауылдың қақпашысы!
Ирина Богачева

бюджеттері егжей-тегжейі белгіленбеген әрі оларда барлық қажетті шығыстар көзделмейді, дарынды мұғалімдерді ауылдық жерде қалуға ынталандыратын жағдай жасалмаған.

Ауылдық жерлердегі және оқушылар саны аз мектептердің көптеген проблемалары бюджеттің жабықтығынан және қол жетімді болмауынан туындайды. Оқушылар және олардың ата-аналары, мұғалімдер және жалпы халық республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру және бөлу тетіктерінен бейхабар. Мұны білмейтін олар жергілікті органдарды есеп беруге үндеуге дәрменсіз.

Қолда бар қаражатты пайдаланудың тиімділігін бюджеттің ашықтығын арттыру және жергілікті атқарушы билік органдарының, соның ішінде білім беру органдарының есеп беруінің көмегімен жақсартуға болады. Арнайы оқыту әдістерін: қашықтан білім беруді, ресурс орталықтарын пайдалану, мұғалімдермен алмасу — бұл да ауылда білім беру саласының әдістемелік мәселелерін жақсартуға мүмкіндік берер еді. Ата-аналар және қамқоршылар кеңестері білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтердің сапасына қоғамдық бақылауды жүзеге асырып және оларды одан әрі жетілдіру бойынша үкіметке өздерінің ұсыныстарын беріп, білім беру сапасының жоғарылауына елеулі түрде әсер ете алады.

Қазақстандағы мектептердің көпшілігінде 55%-ынан астамы) — адам саны аз, яғни оқушылардың саны елу адамнан аспайтын, жастары әртүрлі балаларға біріктіріліп сабақ өткізілетін, үй-жайлары сабақ өткізуге арналмаған, тек қана соған лайықтап келтірілген мектептер. Мұндай мектептерде республика педагогтарының төрттен бірінен астамы қажырлы еңбек етіп, 424 мыңнан астам бала оқиды.

Зерттеудің нәтижесі бойынша, балалардың білімге қол жеткізуі олардың тұратын жеріне қатты байланысты. Сабақ беру сапасының, қамтамасыз етудің нашарлауы, мектептің

инфрақұрылымы мен коммуникацияларының қанағаттанғысыз күйі ауыл мектебінің ауданның орталығынан қаншалықты алыс жерде орналасқанына тура пропорционал. Әдетте, ауыл мектебі облыс орталығынан неғұрлым шалғай жерде болса, білім берудің сапасы соғұрлым нашар болады.

Есепте қалалық, ауылдық және оқушылар саны аз мектептерге қаржыландыру, материалдық күйі, педагогтарының біліктілігі бойынша салыстырмалы талдау жасалады, сондай-ақ орта білім беру жүйесінің басшылық құрылымдарына бірқатар ұсыныс беріледі.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бұл зерттеудің жүргізілуін қолдады, мұның өзі осы мемлекеттік органның ынтымақтастық жасауға дайындығын, ашықтығын және республикада орта білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстарға қызығушылығы бар екендігін көрсетеді. Бұл салада тек бірігіп күш салып, көпжақты ынтымақтастық, ашық талқылау және білім беру жүйесін заманға сай жетілдіру үдерісіне қоғамды тартудың негізінде ғана табысқа жетуге болады.

Зерттеу СҚҚ «Бюджеттік ашықтық және есеп берушілік» бағдарламасының, Ашық Қоғам Институтының «Білім беруді қолдау» бағдарламасының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің қаржылық және сараптық қолдауымен жүргізілді.

2. «ҚР-да жастар саясатының іске асырылуының тиімділігін талдау және мониторинг жасау (2004-2008 жж. кезеңі)» жобасы

2009 жылы СҚҚ «Бюджеттік ашықтық және есеп берушілік» бағдарламасы шеңберінде «Қазақстан Республикасында жастар саясатының іске асырылуының тиімділігін талдау және мониторинг жасау» деген жаңа мониторингті жобаның іске асырылуына ба-

стамашы болды. Бұл жобаның мәнісі 2004-2008 жылдар кезеңінде мемлекеттік жастар саясатының іске асырылуына салыстырмалы зерттеу жүргізу, соның ішінде мониторинг, бюджетті талдау және жастар саясатына қатысы бар бағдарламалардың іске асырылуына облыстар, қалалар, облыстық маңызы бар қалалар деңгейінде қоғамның баға беруі.

Жобаның мақсаттары – Қазақстандағы жастардың және жастар ұйымдарының мұқтаждықтары мен қажеттіліктерін айқындау; жастардың қоғамдық ұйымдарының бюджетке мониторинг жасауға және талдауға қатысуын белсендіру; сондай-ақ қалыптастырылып отырған мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы бойынша кеңестер мен ұсыныстарды әзірлеу және алға тарту.

Жоба шеңберінде мынадай негізгі екі міндет орындалды:

- жастар саясатына жан-жақты талдау және мониторинг жүргізу;
- жастардың ҮЕҰ-ның, қауымдастықтарының және үкіметтік құрылымдардың арасында диалог болуын қамтамасыз ету.

Жобаның операторлары жастардың қоғамдық бірлестіктері – «Аңсар» жастар лигасы», (Қарағанды қаласы) және «Қазақстанның тәуелсіз буыны» (Атырау қаласы), сондай-ақ Қазақстанның әртүрлі аймақтарында қызмет атқаратын 12 жастар ұйымы болды.

Жобаның қорытындысы бойынша мемлекеттік бюджеттік бағдарламаның орындалуы туралы есеп шығарылып, дөңгелек үстел ұйымдастырылды, онда Қазақстандағы мемлекеттік жастар саясатының проблемалы қырлары талқыланды.

3. «ҚР азаматтарын дәрілік препараттармен қамтамасыз етудің мемлекеттік сая-

сатына және шығыстарына мониторинг жасау» жобасы

СҚҚ Қазақстан Республикасында дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің күйіне мониторинг пен талдау саласында жобаларды іске асыру бойынша сайыс өткізуге бастама болды. Конкурстың нәтижесінде жобаны «Аман-саулық» қоғамдық қоры жүзеге асыра бастады. Жобаны сондай-ақ ҚР Денсаулық сақтау министрлігі және Денсаулық сақтау министрлігінің Фармацевтикалық бақылау комитеті қолдады.

Жобаның міндеттері Қазақстанның алты аймағында «жедел телефон желістері» арқылы халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз санаттарының мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілуіне мониторинг пен талдау жасау, сондай-ақ ҚР азаматтарын дәрілік препараттармен қамтамасыз етудің мемлекеттік саясатына және шығыстарына мониторинг жасау, сондай-ақ мемлекеттік, қоғамдық ұйымдардың және фармацевтикалық рыноктағы коммерциялық құрылымдардың арасында дәрілік құралдармен қамтамасыз етуді жақсарту мәселесі бойынша диалог жүргізуге арналған алаңдар ұйымдастыру болған еді. Жобаның негізгі мақсаты азаматтардың дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілуін жақсарту болды.

Жоба бойынша қызмет Меморандумдар мен Бірлескен іс-қимыл жоспары бойынша реттеліп, Қазақстандық және шетелдік ғылыми орталықтармен, ҮЕҰ-мен, фармацевтикалық рынок субъектілерімен әріптестікте атқарылды.

Жобаның нәтижелерін түпкі алушылар Қазақстанның азаматтары, амбулаториялық және стационарлық науқастар, дәрі-дәрмекпен тегін және жеңілдік негізінде қамтамасыз етілуге құқығы бар халықтың әлсіз санаттарының өкілдері болды (балалар, жүкті әйелдер, зейнеткерлер, тұрмысы нашар адамдар, мүгедектер, әлеуметтік маңызы бар дертпен ауыратындар, бас бостандығынан айыру орындарында жатқан адамдар, әскери қызметкерлер және

т.б.). Мақсатты топтар Парламенттің өкілдері, Үкіметтің, Денсаулық сақтау министрлігінің, Фармация, фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіп жөніндегі комитеттің және ҚР ДМ фармацевтикалық бақылау жөніндегі басқармасының, Экономика және бюджетті жоспарлау министрлігінің, Жемқорлықпен күрес жөніндегі комитеттің, әкімдіктердің басшылары мен мемлекеттік қызметшілері және мүдделі топтардың кең ауқымы болды.

Жобаны іске асырудың нәтижесінде 2008 жылдың қарашасынан 2009 жылдың сәуіріне дейінгі кезеңде (6 айдың ішінде) «жедел желіс» телефондарына халықтан – медицина қызметтерін тұтынушылардан 3117 қоңырау келіп түсті. Олардың ішінде 2187-і (70,2%) кепілдендірілген тегін медициналық жәрдем шеңберінде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің кемшіліктеріне байланысты болған. Зейнеткерлерден, Ұлы Отан соғысы мүгедектерінен, науқастануы бойынша мүгедектерден, сондай-ақ 5 жасқа дейінгі балалардың ата-аналарынан ең көп шағым келіп түсті. Жүгінудің жалпы көлемінде бұл санаттардың үлесіне тиісінше 50,6%, 3,9%, 25,7% және 11,4%, келеді. Медициналық жәрдемге ең көп жүгінетін дәл осы адамдар және олар дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бойынша жеңілдіктер берілген азаматтардың санатына жатады. Зерттеу көрсеткендей, азаматтар амбулатория деңгейінде ем алған кезде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің күйіне көңілі толмайтынын ең көп айтады. Жүгінудің жалпы көлемінде осындай шағымдардың үлесі 50,6% құрады (1106 адам).

«Жедел желіспен» қамтылған қалаларда (Алматы, Қызылорда, Семей, Атырау, Қарағанды және Петропавл) қоғамдық тыңдау өткізілді. Тыңдауға облыстар мен қалалардың денсаулық сақтау басқармалары мен бөлімдерінің өкілдері, қоғамдық ұйымдардың, фармацевтикалық компаниялардың өкілдері, сондай-ақ жұртшылық қатысты. Жалпы есептегенде қоғамдық тыңдауға қатысушылардың саны төрт жүз адамнан асты.



АДАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ҚОРҒАЙТЫН ҚОҒАМ

«ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕФОРМА» БАҒДАРЛАМАСЫ

«Құқықтық реформа» бағдарламасы заң үстемдігін дамытуға және ұлттық заңнаманың адам құқықтарын қорғау және сот төрелігін жүзеге асыру саласындағы халықаралық стандарттарға неғұрлым көбірек сай келуін қамтамасыз етуге ықпалдасу мақсатында 1996 жылы ашылған. Қазақстандағы ювеналды әділет саласындағы бесжылдық еңбек Елбасының «Қазақстан Республикасында ювеналды әділет жүйесін құрудың 2009-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасына» қол қойылуымен табысты аяқталды. 2008 жылы қабылданған «Құқықтық реформа» бағдарламасының 2008-2011 жылдарға арналған жаңа стратегиясының аясында «Баршаға ашық қоғам» бағдарламасы «Құқықтық реформа»-ға қосылып, аталмыш бағдарламаның қызмет ететін бағыттарының санын айтарлықтай көбейтті.

Еріктілер.
Ирина Богачева

Реформалар жолында қоғаммен жұмыс жасау

2008 жылы СҚК «Қазақстандағы ювеналды әділет» жобасын табыспен аяқтады, ол Қазақстанның сот төрелігі жүйесіне және балалар мен жасөспірімдердің амандығына оң әсерін тигізді. Ол аяқталған соң аз ғана уақыттан кейін Қазақстан үкіметі бүкіл елде жаңа ювеналды әділет жүйесін ендіруге кірісті. 2007 жылғы 17 сәуірде ҚР Президенті жанындағы Құқықтық саясат жөніндегі кеңес (ұлттық кеңестемелік орган) «Қазақстандағы ювеналды әділет» жобасының авторлары енгізген ұсыныстарды талқылады. Содан кейін Әділет министрлігі Қазақстанда ювеналды әділетті дамытудың ұлттық тұжырымдамасын әзірлеу үшін жұмыс тобын құрды. СҚК бұл үдеріске белсене қатысты, соның нәтижесінде Қазақстан Республикасында ювеналды әділет жүйесін құрудың 2009-2011 жылдарға арналған тұжырымдаманың жобасы әзірленді. Тұжырымдамада кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын іс-шаралар жоспары көзделген, 2008 жылғы 19 тамызда оны Президент Нұрсұлтан Назарбаев мақұлдады.

Азаматтардың ақпаратқа қол жеткізу құқығы

Жұртшылықтың ақпаратқа қол жеткізуін кеңейту үшін СҚК азаматтардың және қоғамдық ұйымдардың сұрау салуына жауап ретінде ақпарат беруден бас тартылған жағдайларды зерттеу жөніндегі жобаға бастама берді. Сондай-ақ Қор ақпарат алу құқығын жүзеге асыруда бас тартуға тап болған адамдарға қолдау көрсету үшін тегін заңгерлік клиникалардың құрылуын қаржыландырды. Қазақстандағы танымал заңгерлік басылым «Юридическая газетаның» беттерінде еуропалық сарапшылардың пікірлері жарияланып, кәсіпқойларды және қалың оқырмандар ортасын тегін заңгерлік көмек берудегі халықаралық тәжірибемен таныстыруға мүмкіндік берді.

Ұлттық тұжырымдама әлі қабылданбай тұрған уақытта, 2007 жылдың тамызында, Президент Назарбаев Алматы мен Астанада екі ювеналды сот құру туралы жарлыққа қол қойған болатын. Бірінші соттар құрылған кезде, Қазақстанның Жоғарғы соты судьяларды пилоттық жоба пішімінде оқыту, сондай-ақ мамандардың көмегін беру туралы Қорға ұсыныс жасады.

2007 жылдың желтоқсанында Қор ювеналды соттарға тағайындалған бір топ судьяларға арнап АҚШ-тағы ювеналды әділет жүйесімен танысып үйрену үшін оқу іс-сапарын ұйымдастырды. Оқудың арқасында судьялар кәметке толмағандардың проблемаларын зерттеуге мүмкіндік алды және мамандандырылған соттардың қажет екендігін түсінді.

2008 жылғы 25 маусымда ҚР Парламенті жаңа ювеналды соттардың юрисдикциясы туралы заң қабылдап, соттарға іс тыңдауды бастауға уәкілеттік берді. Мамандандырылған ювеналды соттың бірінші істі тыңдауы 2008 жылдың тамызында болып өтті. Бұл оқиға «Қазақстандағы ювеналды әділет» жобасының ең маңызды және көрнекі жетістігі болып табылады.

«Қазақстандағы ювеналды әділет» жобасының қорытынды есебінен

«Қазақстанда ақпаратқа қол жеткізілуін зерттеу» жобасының барысында «MEDIALIFE» (Қарағанды қаласы) және «Десента» (Павлодар қаласы) қоғамдық ұйымдары мемлекеттік органдарға жүгінетін азаматтар мен заңды тұлғаларға шынайы және егжей-тегжейлі ақпараттың қаншалықты қолжетімді екенін айқындады. Сұрау салуға «үндемей қалу» фактілерінің жиілеуі, сондай-ақ ақпарат алуға іс жүзінде шектеу қойылуы ҰЕҰ-дың ақпаратқа қол жеткізу құқығы тақырыбына қызығушылығын туғызды. Проблеманы кең ауқымды зерттеу барысында айқындалғаны, азаматтар экология, бюджеттік процестер, денсаулық сақтау



Қазақстан жастары.
Ирина Богачева

саласында шынайы ақпараттың жоқтығына тап болады, азаматтардың ақпаратқа қол жеткізуге құқығы еленбейді немесе ақпарат нормативтік-құқықтық актілерден алынған цитаттар түріндегі қысқа нұсқада беріледі.

Жалпы 1110 сұрау салынды. Сұраулардың 48%-ына ғана жауап алынды, бұл орайда 31% жағдайда ғана толық ақпарат берілсе, 10%-да мемлекеттік органдардың берген ақпараты толық болмады, 7% жағдайда ақпаратқа қол жеткізуден бас тартылған. Құқық қорғаушылардың пікірінше, алынған деректерді егжей-тегжейлі талдау «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңды қабылдау қажеттігін қуаттап отыр, онда азаматтардың жүгінуін қараудың мерзімдері белгіленіп, сондай-ақ мемлекеттік органдардың ақпарат беру жөніндегі функцияларын іске асыруының нақты тетігі белгіленуге тиіс.

«Құқықтық реформа» бағдарламасы шеңберінде қолға алынған басқа бастамалар халықтың, әсіресе, жазылмайтын аурулардан зардап шегетін науқастардың денсаулыққа және медициналық препараттарға қол жеткізуге құқықтарын қорғауға бағытталған болатын. Бұл бағытта жұмыс жасай отырып, СҚҚ ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің жанында паллиативті жәрдем көрсету жөніндегі жұмыс тобын қалыптастыруға септесті.

2008 жылы СҚҚ «Қазақстандағы паллиативті жәрдемнің жағдайы» жобасына қолдау көрсетті, оны Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебі (ҚР Денсаулық сақтау министрлігі) және «Кредо» ҰЕҰ жүзеге асырды. Зерттеудің нәтижесінде алынған деректерге қарап Қазақстанда ендігі кезеңде әді де атқарылуға тиіс паллиативті жәрдем саласында орасан зор жұмыс көлемінің бар екендігін



Есірткісіз әлем.
Ирина Богачева

айтуға болады. Қазақстан Республикасының «Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексында паллиативті жәрдем деген ұғымның мәні ашылады және оның үстіне, паллиативті жәрдем және медбикелердің үйде күтім жасауы кепілдік берілген тегін медициналық жәрдемнің көлеміне енді.

2010-11 жылдарда СҚҚ паллиативті жәрдем көрсетудің стандарттарын әзірлеуге ықпалдасуға күш-жігерін салады. Осы орайда, паллиативті жәрдем – айтарлықтай жаңа ұғым екендігін түсіне отырып, СҚҚ сондай-ақ медициналық жоғары оқу орындарында паллиативті жәрдем бойынша оқу модулін



әзірлеуге және ендіруге ықпалдасуды жоспарлап отыр. СҚҚ бұл бағытты қолдайды әрі мамандандырылған жүйенің қалыптасуына септігін тигізіп отыр, ал ол ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің бір бөлігіне айналып, адам құқықтарының және науқастың құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге жол аша-

ды. СҚҚ паллиативті жәрдемді, ең алдымен, адамның медициналық жәрдем алуға, адами қадір-қасиетінің сақталуына, ауыруды азайтуға және аурудан шегетін зардабын жеңілдету құқығы, өзінің денсаулығының күйі туралы ақпарат алу құқығы, өз таңдауын жасау құқығы, емделуден бас тарту құқығы ретінде қарастырады.

Толерантты қоғам құру жолында

СҚҚ Қазақстанда жыныстық бағдары өзге адамдарды (ЛГБТ) алалау және құқықтарын бұзу фактілерін құжаттау жөніндегі жұмысты жалғастырды. 2009 жылы СҚҚ жыныстық азшылық өкілдерінің құқықтарын қорғау туралы «Елеусіз және қорғансыз: Қазақстандағы ЛГБТ» деп аталатын есептің бастамашысы әрі демеушісі болды. Бұл Қазақстан Республикасындағы ЛГБТ қауымдастығының құқықтық және әлеуметтік жағдайын неғұрлым мұқият қарауға және Қазақстандағы адам құқықтары бойынша ахуалдың халықаралық стандарттарға теорияда, сондай-ақ іс жүзінде қаншалықты сай келетініне баға беруге жасалған бірінші әрекет болды. Бұл соны зерттеу «жергілікті жерлердегі» ахуалды бағалауға және Қазақстандағы жыныстық азшылықтың құқықтарын белсенді әрі шын берілген қорғаушылардың талайымен кездесуге, қоғамда бар проблемалар туралы білуге, сондай-ақ ЛГБТ қауымдастығының проблемаларына орай «үнсіз әрекетсіздік» позициясының бар екендігіне дәлел алуға мүмкіндік берді. Бұл бағыттағы жұмыстың жалпы контекстінде журналисттерге арнап сенситизация бойынша семинар өткізілді, оған оннан астам аймақтық БАҚ өкілдері қатысты. СҚҚ әріптестеріне, мемлекеттік құрылымдар мен БАҚ өкілдеріне арнап «Елеусіз және қорғансыз: Қазақстандағы ЛГБТ» атты есептің жабық презентациясы өткізілді.





Рупорлар.
Владимир Заикин

«БАҚ ҚОЛДАУ» БАҒДАРЛАМАСЫ

«БАҚ қолдау» бағдарламасы өз қызметін 1996 жылы бастап, сөз бостандығын қорғау саласында қызмет ететін қоғамдық ұйымдар мен тәуелсіз БАҚ-тардың ашылуы мен дамуына септігін тигізді. Сонымен қатар, аталмыш бағдарлама журналистер мен медиа мамандардың кәсіби дамуына үлес қосып, медиа индустрияны жақсарту мақсатында қоғамдық пікірталасқа мұрындық болды.

«БАҚ қолдау» бағдарламасы Қазақстанда сөз бостандығы қағидаларын алға жылжыту жолы мен өз пікірін білдіру еркіндігін қамтамасыз ету бойынша жұмыс жасайды. Бағдарлама шеңберіндегі негізгі қызметтің мәні БАҚ-та және қоғамда пікірлерді еркін және теңгерімді білдіру үшін жағдай жасау, сапалы ақпаратқа қол жеткізуді жақсарту, сондай-ақ БАҚ-ты реттейтін заңнаманы жақсарту болып табылады.



Жанкүйерлер.
Валерий Калиев

Медиа кеңістікті демократиялық қағидалар бойынша дамытау жолында

Екі жыл бойы медиа ҮЕҰ-мен жұмыс жасай отырып, СҚҚ сөз бостандығын қорғау және қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарын демократияландыруға басты зейін қойды. СҚҚ аймақтық журналистік ҮЕҰ-ды қолдады, экономикалық журналистика саласында ұзақ мерзімді білім беру бағдарламаларын ынталандырды. Бұдан басқа, СҚҚ үшін аймақтық тәуелсіз БАҚ-тардың әлеуетін күшейту, сондай-ақ ұлттық тілде шығатын тәуелсіз басылымдардың сапалық деңгейін жоғарылатуға ықпалдасу маңызды болды.

СҚҚ кеңестеме, оқу және заңгерлік қолдау сұрап жүгінуге жағдай жасау мақсатымен Қазақстанның аймақтарында медиа орталықтар құруға ықпалдасты. Медиа орталықтардың

заңгерлері сотта журналистердің мүдделеріне өкілдік етеді. Айталық, Қарағандыда «MEDIALIFE» Қоғамдық Қоры соңғы 2,5 жылдың ішінде жалпы сомасы 80 миллион теңгеден асатын талап-арыздар бойынша 10-ға жуық сот процесінде жеңді, ал «Әділ Арқа» Қоғамдық Қоры БАҚ-тардың үстіне берілген 10-нан астам талап-арыздың сомаларын азайта алды. Ашық Қоғам Институтының, БАҚ бойынша Желілік Бағдарламаның қолдауымен «Әділ Сөз» Сөз бостандығын қорғау халықаралық қоры сөз бостандығына байланысты ахуалға мониторинг жасайды, заң шығармашылық жұмысын жүргізеді және БАҚ-тарға заңгерлік қолдау жасайды.

СҚҚ сондай-ақ Қазақстанның ақпараттық саясатына позитивті әсерін тигізуге ұмтылады. 2009 жылы БАҚ дамытудың стратегияларын жақсарту мақсатымен Қазақстанның аймақтарындағы БАҚ-тардың сұраныстарына

республикалық зерттеу жүргізіліп, редакцияларға, ҮЕҰ-ға, донорларға ұсыныстар тұжырымдалып берілді. Зерттеу республика БАҚ-тарының ұжымдық портреті – «журналистер журналистердің көзімен» пішіміндегі көрініс болып шықты және кәсіптік қауымдастықтың көптеген проблемаларын көтеруге мүмкіндік берді. Жобаның алынған деректері қазірдің өзінде әртүрлі іс-шаралар мен жобаларда пайдаланылып жүр.

Ақпараттың көзін таңдау құқығының және азаматтардың экономикалық бостандықтарын нығайтудың маңыздылығын, сондай-ақ БАҚ-тардың дамуы үшін бәсекеге қабілетті жағдай жасаудың маңыздылығын ескере отырып, баспасөзге мәжбүрлеп жаздыруға қарсы әрекет жасау жөніндегі жоба іске асырылды, соның нәтижесінде азаматтарды өзінің ақпарат көзін өзі таңдауға құқықтары бар екендігінен хабардар ету бойынша қоғамдық науқан өткізілді.

Қазақстандық БАҚ-тарда әдептілік мәселесін кеңінен талқылау, БАҚ-тардың өзін-өзі реттеу органдарындамыту, редакциялардың ішінде әдептілік кодекстерін әзірлеуге қолдау көрсету міндетін Қарағанды облысында ЕЫҚҰ-мен ынтымақтастықта жүзеге асыру мүмкін болды. Әдептілік жөніндегі Қоғамдық кеңес құрылып, ол аз ғана уақыттың ішінде бірнеше шағымды қарады, кейбір даулар сотқа дейінгі тәртіппен реттелді. Бір шағымды қараудың нәтижесінде талапкер 20 миллионға берген өзінің талап-арызын қайтып алды. Қарағанды облысындағы жиырма БАҚ өз редакцияларында әдептілік нормаларын қабылдады.

СҚҚ сондай-ақ Қазақстанның 2015 жылға қарай цифрлық пішімде хабар таратуға ауысу бойынша міндеттеме қабылдағанын назарға ала отырып, цифрлық пішімде хабар таратуға ауысу мәселесіне қатысуда. Дәл сол себептен СҚҚ тәжірибе алмасу, мамандарды оқыту, сараптық жәрдем беру және бұл тақырыптағы пікірталасты қолдау жөніндегі жобаларға қолдау көрсетіп келеді. СҚҚ және Ашық

«... біз Польшаның экономикалық БАҚ-тарының қалай жұмыс істейтінін өз көзімізбен көрдік, бізге көп практикалық кеңес берілді, біз Қазақстан және Польша БАҚ-тарының қалай дамығанын салыстыра алдық. Журналист үшін бұл шынында да құнды тәжірибе.

Іссапардан кейін өз газетімнің редакциясында презентация өткіздім, онда алған тәжірибем және жалпы іссапар туралы әңгімеледім. Польшаның газеттеріне ұқсатып бекітілген тақырыптық беттер (экономика-жаңалық, заңгерлік, мәдениет және т.б.) жасау туралы шешім қабылдадым. «Оқиғаларкалейдоскопы» деген жаңа айдар аштым, онда жаңалықтар Reuters стандарттары бойынша жазылады. Reuters ақпарат агенттігінің стандарттары бойынша журналистермен шағын семинар өткіздім. Газетте тағы 2-3 жаңалық енгізуге жігерім жетеді деп ойлаймын. Мұның бәрі біртіндеп жүзеге асады».

Жобаға қатысушылардың шығармашылық есебінен

Қоғам Институтының БАҚ бойынша Желілік Бағдарламасының қолдауымен цифрлық пішімде хабар таратуға ауысу жөніндегі тәжірибемен танысу мақсатымен мемлекеттік органдардың, ҮЕҰ-дың өкілдеріне, аймақтық телестанциялардың директорларына және журналистерге арнап Украинаға оқу аясында іс-сапар ұйымдастырылды. Нәтижесінде Қазақстан ҰТА жанынан жұмыс тобы құрылып, конференция өткізілді, негізгі құжаттарды талқылауға азаматтық сектордың қатысуына мүмкіндіктер жасалды.

Польшаның Think Point ұйымымен және Ашық Қоғам Институтының «Шығыс-Шығыс: Шекарасы жоқ әріптестік» бағдарламасымен ынтымақтастықта СҚҚ «Экономикалық журналистика мектептері» үш жылдық оқу курсы шеңберінде Қазақстанның 15 журналисін БАҚ-тарда объективті әрі білікті экономикалық шолу жасауға дайындады.

СҚҚ сондай-ақ журналистік білім беруді реформалауға ықпалдасады. 2009 жылы Қазақстандағы жоғары оқу орындарында журналистика факультеттерінде медиа құқық бойынша арнайы курс енгізу жөніндегі жоба іске асырылды. Бұл үшін әдістемелік көмекші құрал әзірленді, жоғары оқу орындарының оқытушылары оқудан өтті. Жобаның нәтижесінде университеттер медиа құқық бойынша курсты элективті курстар тізіміне кіргізуге дайын екендіктерін білдірді. Көптеген университетте бұл курс бағдарламаға элективті курс ретінде енгізілді (Алматы, Семей, Қарағанды). Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде «Медиа құқық» пәні оқу бағдарламасына негізгі курс ретінде енгізілді. ТоТ (тренерлерге арналған тренинг) материалдарының негізінде осы университет оқытушысы соңғы курстың студенттеріне арнап «Журналистер және жанжал» тақырыбы бойынша екі рет семинар өткізді. Медиа құқық бойынша курс сондай-ақ Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің (элективті курс), Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің және Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің (негізгі пән) оқу бағдарламалында бар. Сондай-ақ атап өтетіні, «Әдептілік, заңнама және БАҚ» курсы медиа құқық жөніндегі арнайы курстың дәріс материалдарына құрылған.

«БАҚ қолдау» бағдарламасы шеңберіндегі СҚҚ қызметінің бір бағыты қазақ тілді тәуелсіз журналистиканың дамуына ықпалдасу болып отыр. Бұл мақсатпен «Мемлекеттік тілде жұмыс істейтін журналистер мен студенттерге арналған нұсқаулықты» шығаруға қолдау көрсетілді.

СҚҚ заманауи практикалық журналистика бойынша оқу құралдарын әзірлеуде, сондай-ақ орыс және қазақ тілдерінде кәсіптік әдебиетті дайындауда белсенді жұмыс жүргізіп жатыр. Мысал ретінде «Қазақстандағы практикалық журналистика» деген кітаптың шығарылуын

келтіруге болады. Бұл — қызметін жаңа бастап жатқан журналистерге арналған практикалық журналистика бойынша заманауи оқулық, сонымен қатар ол қазақ тілінде шыққан тұңғыш әрі жалғыз практикалық оқулық болып отыр. Оның беттерінде Қазақстанның ең тәжірибелі журналистері журналистік шеберлік бойынша материалдарын ұсынады, өз тәжірибелерін бөліседі және құнды ақыл-кеңестерін береді. Оқулық жоғары оқу орындарында оқуға кеңес берілетін әдебиеттің тізіміне кіргізілген, ал кейбір жоғары оқу орындарында ол негізгі әдебиеттің тізіміне кіреді. Сондай-ақ бұл кітап көптеген журналистің үстел үсті кітабына айналды.

Компьютерлік сауат деңгейін және ақпараттық технологиялар саласында білім беруді арттыру жөніндегі идеяларды алға жылжыту мақсатымен СҚҚ тұңғыш ашық коммерциялық емес білім беретін BarCamp Central Asia 2009 конференциясына қолдау көрсетті. Бұл іс-шара тәжірибе алмасу, жаңа білім алу, құқық қорғау заңнамасы саласындағы әлемдік практикаларды талдау және пікір таластыру және өңір мен қоғамның дамуына және демократиялануына септесу мақсатымен Орталық Азия, сондай-ақ ТМД елдерінен және алыс шетелдерден келген медиа-белсенділердің, блогерлердің, құқық қорғаушылардың, веб-әзірлеушілердің, журналистердің басын қосуға мүмкіндік берді. ■

2008 ЖЫЛЫ БӨЛІНГЕН ҚАРАЖАТ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Шығыстар	Сомасы (теңге)
«Шығыс-Шығыс: Шекарасы жоқ әріптестік» бағдарламасы	20 688 747
«Құқықтық реформа» бағдарламасы	84 307 256
«БАҚ қолдау» бағдарламасы	55 849 774
«Kazakhstan Revenue Watch» бағдарламасы	43 523 832
«Бюджеттік ашықтық және есеп берушілік» бағдарламасы	105 879 418
Басқа бағдарламаларға кеткен шығыстар	17 178 557
Әкімшілік шығыстар	68 836 369
Барлығы:	396 263 953

2009 ЖЫЛЫ БӨЛІНГЕН ҚАРАЖАТ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Шығыстар	Сомасы (теңге)
«Шығыс-Шығыс: Шекарасы жоқ әріптестік» бағдарламасы	25 412 024
«Құқықтық реформа» бағдарламасы	85 488 467
«БАҚ қолдау» бағдарламасы	65 261 112
«Kazakhstan Revenue Watch» бағдарламасы	45 091 475
«Бюджеттік ашықтық және есеп берушілік» бағдарламасы	60 276 465
Басқа бағдарламаларға кеткен шығыстар	52 287 771
Әкімшілік шығыстар	105 628 741
Барлығы:	439 446 055

Сорос-Қазақстан Қорының қызметкерлері

БАСҚАРМА

Александрова Анна
Кошкина Ирина

Басқарма Төрайымы
Басқарма Төрайымының Орынбасары

БАСҚАРМА ӘКІМШІЛІГІ

Коровина Юлия

Ақпарат Ресурстарын Меңгеру Менеджері/Басқарма
Төрайымының көмекшісі

БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ

«Kazakhstan Revenue Watch» бағдарламасы

Артемьев Антон
Кушкунбаев Асқар

Бағдарлама директоры
Бағдарлама көмекшісі

«Бюджеттік ашықтық және есеп берушілік» бағдарламасы

Аязбаева Бота
Хасан Жәнібек
Черняева Юлия

Бағдарлама директоры
Бағдарлама менеджері
Бағдарлама әкімгері

«Құқықтық реформа» бағдарламасы

Айдарқұлова Аида
Шакенова Айнұр
Утешев Гайдар

Бағдарлама директоры
Бағдарлама үйлестірушісі
Бағдарлама үйлестірушісі

«БАҚ-ты қолдау» бағдарламасы

Дуйшебаева Айжамал
Әбжанова Зәуре

Бағдарлама менеджері
Бағдарлама көмекшісі

Шығыс-Шығыс: шекарасы жоқ әріптестік

Солнышкин Анатолий

Бағдарлама үйлестірушісі

ҚАРЖЫЛЫҚ БӨЛІМ

Кошкина Ирина
Власенко Татьяна
Животова Ирина
Маковецкая Светлана

Қаржылық директор
Бас есепші
Есепші
Гранттар бойынша менеджер

ӘКІМШІЛІК БӨЛІМ

Бағысбекова Айгүл
Меирманова Сәуле
Масанчи Альмира
Новоленов Сергей

Еңбек ресурстары мен әкімшілік бөлімінің бастығы
Іс-сапарлар мен шараларды ұйымдастыру әкімгері
Әкімгер-хатшы
Жүргізуші

Гридасов Иван

Жеке кәсіпкер, СҚҚ қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету

Павел Васенков

Жеке кәсіпкер, Компьютерлік жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және СҚҚ бағдарламалық қамтамасыз ету

Каликова Сәуле

Білім беру бойынша кеңесші

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС

Асқаров Төлеген

Қамқоршылық кеңес Төрағасы

Абдулов Асылбек

Қамқоршылық кеңес мүшесі

Сатпаев Досым

Қамқоршылық кеңес мүшесі

Касенова Наргис

Қамқоршылық кеңес мүшесі

Борецкий Олег

Қамқоршылық кеңес мүшесі

Палташева Мунавара

Қамқоршылық кеңес мүшесі

Подопригора Роман

Қамқоршылық кеңес мүшесі